

# Туған жердің төрінде төгілейін...



Өткен жұма күні Қарағандыдағы Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» деген тақырыпта, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, филология ғылымының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жерлесіміз Ақселеу Сейдімбектің кеші болып өтті. Бұл кешке Жаңаарқадай жердің құндағында өскен Ақселеу Сейдімбекті қарағандылықтар бейгеден озып келді деп, арнайы шақырып отырғандықтан ғалымның туған жұртын көруге үзеңгілес жолдастары, аттарын атап айтар болсақ қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығара Салғараұлы сынды ғұлама ғалымдар да қатысты. Белгілі айтыскер ақын Аманжол Әлтаев жырдаң шашу шашып, жиналған көпшілікті дүр сілкіндірді. Осындай көңілдерге жырмен ұры құйған керемет сәттен соң, алғашқылардың бірі болып, Мырзатай Жолдасбеков ағамыз әңгіме арқауын жалғады.

- Осындайда Ахмет бабамыздың «Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайда» деген сөзі еске түседі. Ақселеудің не істеп, не тындырғанын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Мен оның ерекшелігі қалай деген төңіректе ой беліспекпін. Азаматтың таным-түсінігін, жүріс-тұрысын таразылауға тура келеді. Оның бойындағы таза қазақы болмыстың, білімі мен біліктіліктің үйлесімі азаматтық тұлғасын қалыптастырған. Бар тірлігін ұлтының жоғын жоқтауға арнап келеді, ұлтының кемісін толдыруда із түспеген соныға құлаш ұрып келеді. Ақселеудің күй аңыздарын рухани айналымға түсіруі, тарихты тарихи тұлғалар арқылы зерттеулерге ден қоюы, музыкалық мәдениеттің бес мектебін саралап беруі-өзгелерден ерек тұрғанының көрінісі,- деп жылы лебізін білдірді Салғараұлы Қойшығара ағамыз.

Осындай лебіздер легі толастамаған тұста Құлқыбаев Ғабдолла аға да қалыс қалмай, «Арқа төріне халқымыздың ғажап рухының десанты түсті, олардың ортасында Ақселеу бар. Ал Мырзатай Жолдасбеков болса, егемендігіміздің шаңырағын көтеріп, уығын шанышқан. Оны көргенде елдің өткені мен бүгіні, ертеңі көз алдымызға көрінгендей болады. «Күлтегі» клубы арқылы қазақтың жан сұлулығын өзіне қайтару мақсатын алға қойып отыр. Қойшығара Салғараұлы болса, атақты жазушы. Қазақ тарихын жүрегінен өткізіп барып қайтып берген азамат. Саусақтың басы бірікпесе қолға ине де ілікпейді деген ұлы халықтың ұлы балаларымыз» деп тебіренді.

Сөз кезегі келгенде Ақселеу Сейдімбек:

- Ұлы даланы бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап кеткені бәрімізге де белгілі. Небір билеріміз бен бектеріміз, батырларымыз бен ақындарымыз қазақтың жерін атой салып қорғады. Мен қазір сіздердің ыстық ықыластарыңызды көріп, қатты толқып тұрмын. Рас, біз тәуелсіздік алдық. Бірақ біз қазақтың осы жері кімге мирас болып қалады деп ойлаймыз. Бұрын жастар «Менің Қазақстаным», «Менің Алатауым», «Менің Сарыарқам» деуші еді. Бүгінгі ұрпақ осыны айта ма? Жасыбайға батырдың зиратына құран оқуға барғанда, ондағы күзетші автоматын кезеніп: «Бұл жер жекеменшік, иесі бар» деп жібермей қойғанда қатты налығам. Атасы ба-сқалар келіп, жерімізді, оның байлығын алып жатыр, осыған қабырғамыз қайысады. Осы Қарағандыдағы өнердің ордасы атанған Теміржолшылар сарайы жекеменшікке өтті дегенді естідім. Мына шаңырақты да сақтай аламыз ба, жоқ па деп қорқамыз. Сондықтан елім деп өміренетін, жерім жем тебіренетін, қазағым деп қамығатын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Мына отырған жастар ешкімнің алдында именбей, жасқанбай «Менің елім, менің жерім, менің Қазақстаным» деп айта алатын болулары керек. Сондықтан Астанадағы Еуразия университетінің жанынан «Күлтегін» деп аталатын клуб ашып, жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз, -деп зал толы көрерменнің көңіліндегісін дөп басып айтты. Ел ағасының жүрегіндегісін қарапайымдылықпен жеріне жеткізе айтатын шешендігіне тәнті болдық.

-Айналайын ағайын, пейілдеріңе рахмет, басым жерге жеткенше тағзым етемін. Мұстай Кәрім «Ел-жұрт құрмет көрсеткен сайын, жауапкершілік арта түседі» деген екен, сол айтқандай менің де сіздердің алдарыңыздағы жауапкершілігім одан сайын арта түсуде. Рас, мен бақыттымын. Біріншіден, біз соғыс жылдарында туылып, оның ауыртпалығын да, аштығын да көргеніміз жоқ. Өйткені сол сұрапыл жылдарда жергекте жаттық. Екіншіден, біздің алдымызда іс тындырған ұрпақ болды, Алаштың Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, қос Ғабең сынды азаматтарының көзін көрдік, олардың тегеурінді, халықты өлтірмейтін еңбектерін оқыдық. Мәдениеттің, фольклордың не екенін білген соң, сол ұлы мұраны халыққа жеткізбесек өледі-ау деген ой маза бермеді. Мен бір нәрсеге адалмын, ол - өткеннің асылын болашаққа жеткізудей келе, алғысын айтты.

Кештің өнбойында Ақселеу Сейдімбектің шығарған әндері қалықтап, Бекболат Тілеухан сынды дарабоз қара домбыраны бебеу қақтырды. Осындай мәні мен мазмұны талғам төрінен шыққан кештен әсерленіп, бойымыздағы ұлтымызға деген, еліміз бен жерімізге деген сүйіспеншілігіміз одан сайын өрши түсті. Туған жердің төрінде төгілгенге не жетсін?!

Кеш соңында қарағандылықтар қонақтардың үшеуіне де шапан жауып құрмет көрсетіп, темір тұлпар тарту етті.

**Руза АЛДАШЕВА**